

## Оңтүстік Шығыс Азия елдері ассоциациясының экономикалық интеграциясының дамуы

А.А. Байтокова-Тешнер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail:* \_aigera89.89.89@mail.ru

**Түйін.** Бұл мақалада АСЕАН-тың жаһандық әлемдегі болашағы мен проблемалары қарастырылған. АСЕАН соңғы жылдардағы қызметін өз бетінше дамуындағы өзгеше үрдісін бағалауға, экономикалық өзара тәуелділік формаларын, әсіресе, ішкіаймақтық саудасын және өндірістік желілердің құрылуы, халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруіне орай Оңтүстік-Шығыс Азияның тәсілдері оның әлдеқайда дамығандығы көрсетілген. Шығыс Азия елінің аймақтық ынтымақтастығын нығайту, макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылық негізін құру мақсатында әр түрлі тәсілдерін іске асыруда.

Қазіргі кезде Азия-Тынық мұхит аймағы (АТА) әлемдік саясаттың және экономиканың орталығының біріне айнала бастады. Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері экономикалық өсімінің жоғарғы қарқын деңгейі экономистер мен саясаттанушылардың қызығушылықтарын туғызуда. Азия-Тынықмұхит аймағы АСЕАН, АТЭС сияқты азия-тынықмұхиттық экономикалық қауымдастықты ұйымдастыру аймағына және жедел экономикалық дамудың, экономикалық потенциалды жетілдіру, жоғары технологияларды игеру және мәдени-техникалық өркендеу аймағына айналды. Қырғи-қабақ соғыс кезеңінде КСРО мен АҚШ қарама-қайшылығына қарамастан – АТА елдерінің әлемдік үрдіске халықаралық қатынастардың объектісі емес, субъектісі ретінде кіру үрдісі жүріп жатты. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің геосаяси белсенділік нәтижесінің көрінісі 1967 ж. АСЕАН сияқты аймақтық ұйымның пайда болуы. Зерттеушілердің пайымдауынша шиеленіс жағдайлары субаймақтың жас мемлекеттерінде ішкі жағдайдың тұрақсыздануына алып келді, басқарушы режимге қауіп төндірді» [1]. АСЕАН құрылуында ұлттық аймақтық, халықаралық

қатынастардағы мүдделер сияқты факторлар негіз болады. Оңтүстік-Шығыс Азия аймақтағы экономикалық артта қалушылық, Жалпы өндірістік потенциалын көтеру, халықаралық капиталистік шаруашылық жүйесіндегі экономикалық тұрақтылыққа жету үшін нақты экономикалық кооперация мен интеграция ассоциацияға бірігуінің объективті сұраныстары АСЕАН-тың негізгі заңы болып табылады. Бонгкок декларациясында айтылғандай ассоциацияның негізгі мақсаттары мыналар: экономикалық өсімді арттыру; әлеуметтік прогресс пен мәдени даму, Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының негіздеріне сүйене отырып халықаралық қатынастарда әділеттілік және аймақтағы ынтымақтастық пен тұрақтылықты дамыту, әлеуметтік мәдени, ғылыми, техникалық, әкімшілік және экономикалық (ауылшаруашылық өндіріс, сауда, транспорт) секторларда өзара көмек пен серіктестік; халқының салауатты өмір сүруіне жағдай жасау [2]. АСЕАН құрылып болғаннан кейін бәрі ойдағыдай болып кетті деп айтуға да болмайды. Олардың да өзара шиеленістері болды, кейбір мамандар сондай кері әсер АСЕАН-тың өмір сүруін тоқтатады деп ойлайды. Алайда, оны да шешуге тырысты.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясы құрылу уақытына дейін оның болашақ құрылтайшылары мен мүшелерінің бір-бірімен ынтымақтастық тәжірибесі аз болатын. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясы құрылуының алдында 1961 жылы Тайланд, Малайзия, Филиппины қатысуымен Оңтүстік-Шығыс Азия Ассоциациясы және 1963 жылдан бастап Мафилиндо (Малайзия, Филиппины, Индонезия) конференциясы өмір сүрген болатын [3].

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ұйымын құру туралы алғашқы ұсыныс 1958 жылы ақпанда Малайзия премьер-министрі Абдул Рахманның Коломбаға сапары кезінде айтылған еді, Абдул Рахман аймақта тұтастыққа қол жеткізу үшін Оңтүстік-Шығыс Азия елдері басшыларының кеңесіне шақырды [4]. АСЕАН-тың саяси ынтымақтастығының негіздерінің бірі Оңтүстік-Шығыс Азия бейтараптану концепциясы болып табылады. Алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азияны бейбіт зонаға айналдыру идеясы 1968 жылы қаңтарда Малайзия парламент мүшесі Тун Исмаилдың парламентте сөйлеген сөзінде айтылған болатын, ол өз сөзінде елден ағылшын қарулы күштерінің толық шығарылғанынан кейін, Оңтүстік-Шығыс Азия Ұлы державалар кепілдендіретін бейтараптандыру зонасына кіруі, шабуыл жасамау туралы келісімшарт және бейбіт қатар өмір сүру саясатын ұстанатыны жөніндегі декларацияға қол қоюы қажет деп жариялады [5]. АСЕАН-тың бүкіл халқының бәрін қосқандағы санынан территориясының, халқының саны жөнінен Индонезия басты рөлді ойнады. АСЕАН елдері жанжал, дағдарыс

жағдай кезінде сыртқы араласудан және әскери күшті қолдануға қарсы тұрды. АСЕАН басқа елдерге түрткі болуы мүмкін деген негізде қорғаныс пактісін қабылдаудан алшақтап жүрді. АСЕАН-тың (Индонезиядан басқа барлық елдері қауіпсіздік жөнінде шетел мемлекеттерімен әскери келісім-шарттары болды. Филиппин және Тайландтың АҚШ-пен, Малайзия және Сингапур 5 мемлекеттің Лаос, Австралия, Жаңа Зеландия қорғаныс келісім-шартының мүшесі болды. Бірнеше факторлардың жиынтығының арқасында 1990 жылдардың алғашқы жартысына таман АСЕАН елдері өздерінің экономикалық өсімінің жоғары қарқынын көрсетті:

қолайлы географиялық жағдай (климат, сыртқы теңіз коммуникациясының ашықтығы, бай табиғи ресурстарының болуы);

саяси фактор, яғни аймақ мемлекеттерінің арасындағы ашық шиеленістердің болмауы;

шетелдік капиталды шақырудағы ОША мемлекеттері басшыларының экономикалық саясаты;

демографиялық-шетелдік инвесторлар үшін қолайлы «еңбек заңнамасының» арқасында арзан жұмыс күшінің болуы.

Сөзсіз, шетелдік инвестициялардың ОША-ның геосаяси потенциалымен қоса осы аймақтың экономикалық өсіміне алып келді. АТА елдеріне американдық инвестициялардың қайтарылуы Еуропаның 12,1%-ның 9,4%-мен салыстырғанда жоғарырақ. Сондықтан да АТА-дағы АҚШ-тың капиталы 1990 жылдар мен 1994 жылдар аралығында Еуропаның 4,3% орташа салыстырғанда 6,6% жоғары. Мұндай беталыс келешекте де байқалмақ.

**Кесте: 1995-2002 жылдардағы АСЕАН елдерінің экономикалық өсімі(%)**

Ел	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001	2002
Бруней	4.0	-1.1	0.5	1.8	3.0	3.5	-	-
Камбоджа	7.6	7.0	4.1	4	7.6	7	1.0	0
Индонезия	8.9	7.2	7.3	7.5	8.2	8.0	4.7	-13.7
Лаос	4,0	7,0	5,9	8,2	7,1	6,9	6,5	5,0
Малайзия	8,6	7,8	8,4	9,3	9,4	8,6	7,7	-6,8
Мьянма	-0,7	9,7	5,9	6,8	7,2	6,4	4,0	1,1
Филиппин	-0,6	0,3	2,1	4,4	4,7	5,9	5,2	-0,5

Сингапур	7,3	6,2	10,4	10,5	8,9	7,5	8,0	1,5
Тайланд	8,1	8,2	8,5	8,6	8,8	5,5	-0,4	-8,0
Вьетнам	6,0	8,7	8,1	8,8	9,5	9,3	9,3	3,5

Қайнар көзі: ASEAN Secretariat [www.aseansec.org](http://www.aseansec.org).

Экономикалық көрсеткіштер Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің инвестициялық перспективасының жоғары мәнге ие болуын көрсетіп тұр. Оның себебі, аймаққа инвестиция салудағы төменгі шығындар емес, жаңа технологиялар

мен нарыққа ену мүмкіншіліктер. Алдыңғы саптағы ТҰК инвестициялық жоспарлары 90-жылдардың екінші жартысындағы ОША мен жалпы Азияның экономикасының жедел дамуына алып келетіндігіне жорамал жасады [6].

#### АТА елдеріне инвестиция ағымының (млн. долл.) кестесі.

Ел	1995 жылы	1999 жылы	2004 жылы
Бруней	14	7	13
Камбоджа		54	80
Қытай	3487	27515	575000
Индонезия	1093	2004	5500
Оңт. Корея	788	1777	5500
Филиппин	530	1025	2000
Сингапур	5575	5016	6502
Тайвань	1330	917	1570
Таиланд	2444	1726	2700

Қайнар көзі: World Investment Report 2004. Investment, Trade and International Policy Arrangements, p.230 [12].

Солайша, ОША елдерінің экономикалық өсуінің бірден-бір қайнар көзі ол шетелдік инвестициялар болып табылды.

«Қырғи-қабақ соғыстан соң» бейтараптану және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін АСЕАН көшбасшылары ядролық емес аймақ мәртебесін берумен тығыз байланыстыра қарастырды. Мәселенің ауыртпалығына қарай тек 1995 жылы мүше-мемлекеттер Ядролық қарудан еркін Оңтүстік-Шығыс Азия аймағын (South-East Asia Nuclear Free Zone) құру туралы Декларацияға қол қойды. Алайда оның іс жүзінде күшіне ену үшін Келісімшартқа қосымша бөлек барлық державалармен қол қойылған Хаттама болуы тиіс. Оған қол қоюдың басты тежегіштері, ол Үндістан және Пәкстанды ядролық қаруы бар мемлекеттер қатарына жатқызу мәселелері. Келісімшарттың күшіне ену тағдыры АСЕАН мемлекеттері және басқа ядролық державалардың

оларды ядролық державалар ретінде мойындау немесе мойындамауына байланысты болып отыр [7].

1994 жылы АСЕАН бастамасымен превентивті дипломатия шеңберінде АСЕАН-тың аймақтық форумы (ААФ) механизмі жұмыс істей бастады. Оның мақсаты диалог және кеңес беру арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия және де Азия-Тынықмұхиты аймағында шиеленіссіз даму жағдайын қамтамасыз ету. ААФ жыл сайынғы кездесуіне аймақтан тыс елдер, соның ішінде Ресей, АҚШ, Қытай, Жапония қатысады. ААФ шеңберінде екі «жол» бар. Біріншісімен, ресми үкіметаралық деңгеймен жүретін диалог, ал екіншісімен, бейүкіметтік ұйымдар мен зайырлы топ арасындағы диалог жүреді [8].

1992 жылы Оңтүстік-Қытай теңізі жағалауындағы 6 мемлекет (Бруней, Вьетнам, ҚХР, Малайзия, Тайвань, Филиппиндер)

Манила декларациясына қол қойды. Ол осы мәселеге қатысы бар барлық мемлекеттерді даулы мәселелерді шешуде бейбіт құралдармен шектелуін, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс теңізі (ОҚТ) акваториясында орналасқан аралдарда қару қолданбау әрекеттерін және олардың қорларын бірлесіп пайдалануға шақырды. 1996 жылы шілдеде АСЕАН-тың сыртқы істер министрлер конференциясында осы аймақтағы өзара түсіністікті нығайтудың негізі болатын ОҚТ-да «аймақтық жүріс-тұрыс кодексі» идеясы ұсынылған болатын. Алайда 2004 жылдың соңына таман мұндай кодексті қабылдау жағдайы мен шарттары АСЕАН пен Қытай арасындағы көпке созылған пікірталастың басты мәселесіне айналды.

Аймақтық серіктестер өкілдерімен (АҚШ, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей, Австралия, Жаңа Зеландия, Индия, ЕО) «10 + 1» схемасы бойынша, яғни асеандық «ондық» және серіктестердің бірінің қосындысы, жыл сайынғы кездесудің жиілік кездесу сипатына айналды. Жыл сайынғы асеандық кездесулер келесі схема бойынша өтеді: АСЕАН сыртқы істер министрлерінің конференциясы, ААФ мәжілістері, сұхбаттасу үшін кездесетін постминистрлердің аймақтық емес серіктестерімен мәжілістері [8]. 1996 жылы Сингапур бастамасымен аймақ-аралық ықпалдасудың формасы ретінде Азиялық-еуропалық сұхбат шеңберінде (АСЕМ – The Asia Europe Meeting, ASEM) кездесулер болып тұрды. Асеан оған көп көңіл бөледі, өйткені АСЕМ-ге біріккен 25 еуропалық және азиялық елдерге әлемдік ЖШӨ 54% және халықаралық сауданың 57% келеді екен (1995).

1997 жылдан бастап «ондық» басшыларының Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея көшбасшыларымен кездесуі жиілік сипатқа ие болды. Олар Малайзияның Тынықмұхиттық Азия аймағында сауда-экономикалық блогын құру ұмтылысының бастамасымен ұсынылған болатын. Куала-Лумпурдың ойы бойынша оны құру ЕО және Солтүстік-американдық сауда аймағы сияқты аймақтық құрылымдармен сұхбатта шығыс-азия елдерінің (НАФТА) мүдделерін теңестіретін еді.

АСЕАН кенеюі деп құрамына жаңа-мүшелердің, бастапқыда соцлагерьдің құрамындағы елдердің ассоциация құрамына қабыл-

дау үрдісі. Кеңею мақсаты – ОША біртұтас біріктіру. Жаңа елдер аймақтағы басқа елдерде бітіп жатқан табиғи шикізат көздері, яғни орман, көмірсу және су ресурстары, арзан жұмыс күшінің қайнар көзі болып табылады. Жаңа елдерді қабылдау АСЕАН мүше-елдерінің Батысқа қарсы тұруындағы геосаясаттық мүдделерінің ортақтығын көрсеткен болатын. Батыс елдерінің Мьянма үміткерлігі қатаң сынға алынып, артынша жанжалға ұласты. Мьянманы қабылдаудағы негізгі мақсат – Оңтүстік-Шығыс Азияның жүрегі Оңтүстік-Қытай теңізіндегі даулы аралдар үшін Қытайдың геосаяси жоспары және де Жапония мен Батыстың экономикалық, саяси қысымы еді.

Мьянма, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның теке-тірескен аймағында орналасып, Қытаймен шекараласып және 90 ж. белсенді сыртқы саясатты жүргізе отырып, егер оны көршілері итеріп жіберсе, Қытайдың ықпал ету аймағына түсуі мүмкін еді [9]. АҚШ пен ЕО Мьянманы өз қатарына алғаны үшін АСЕАН қатты сынға алды. Мьянманы бір ғана жағдай алаңдатты, ол – Қытай мен Үндістаннан өзін алшақ ұстау мәселесі.

Вьетнамның геосаяси орналасуы – Қытаймен көрші болуы және Оңтүстік-Қытай теңізіндегі аралдар және территориялар үшін болып тұратын жиі қақтығыстар, АСЕАН ұйым шекарасын кеңейту жоспарларымен дөп келді. Сонымен қатар, Қытаймен жаңа қақтығыстардан қорқып Мьянма АҚШ-пен тығыз қарым-қатынас орната бастады. АҚШ ұстанымының өсуі АСЕАН геосаяси мүдделеріне сәйкес келмеді [10].

Кеңею олардың біртұтастыққа апарар өзінше бір сынақ ретінде болуы мүмкін сияқты. Кеңею АСЕАН ескі мүшелері алдында бірнеше ауыр мәселелерді қойды, соның ішіндегі ең маңыздысы – ескі және жаңа мүшелері арасындағы экономикалық және саяси дамуындағы әртүрлілік.

АСЕАН екі немесе үш сатылы ұйымға айналады және ұйымның кедей мүшелерінің саяси маргинализация мәселесі туындайды. Сондықтан да жаңа мүшелердің бейімделуі үшін АЕСА-ға кіруге уақыт беру туралы шешілді. Вьетнам 2006, Лаос және Мьянма 2008 жылға дейін мерзім алды. Кеңеюден кейінгі АСЕАН потенциалы қомақты болып көрінетін еді.

*Кесте: Кеңеюден кейінгі АСЕАН*

Ел	Халқы (мың)	Территория (шаршы км)	ЖІӨ \$ млрд.
Бруней	317	5,770	4,9
Камбоджа	10,430	181,040	2,9
Индонезия	200,745	1,919440	88,6
Лаос	5,200	236,800	1,1
Малайзия	22,000	329,750	67,5
Мьянма	49,500	678,500	19,0
Филиппиндер	94,044	300,000	64,5
Сингапур	3,076	648	84,4
Таиланд	62,990	514,000	117,0
Вьетнам	78,852	329,560	329,560

*Қайнар көзі: U.S. State department. www.state.gov.*

1995 жылы 15 қарашада АСЕАН Бангкогтегі 5 саммиті кезінде 7 басшы біртұтас ОША құру және 2000 жылы ОША 10 елін біріктіретін топ туралы шешті. Камбоджа, Лаос және Мьянма шақырылды. Келесі күні 10 мемлекет Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ядролық қарудан еркін аймақ құру туралы құжатқа қол қойды. Олар Бангкок декларациясының астынан және ОША Достық және ынтымақтастық келісім-шартын жақтаушылары деп жариялады. АҚШ адам құқықтарының бұзылу себептеріне Мьянманы қабылдауға қарсы тұрды. Клинтон президенті АСЕАН елдерін не болмаса да Мьянманы қабылдаудан бас тартуға көндіру үшін аймаққа арнайы екі өкілдерді жіберді. Ол АСЕАН қатынасты үзетіндігі жөнінде жариялады. Малайзия Мьянма ұйымның 30 жылдық мерейтойына таман АСЕАН мүшесі болады деп жариялады [11].

1996 жылы қараша айында Джакартада өткен бейформальді саммитте бір мезетте Камбоджа, Лаос, Мьянманы қабылдау шешілді. Тайланд, Филиппин, Сингапур басшылары Мьянманы қабылдауды кішкене артқа қалдыруын сұрады. Филиппин ұстанымдары елдегі продемократиялық топтардың және бұқаралық ақпарат құралдарының күшті қысымымен түсіндірілді. Джакартадағы саммитте үш мемлекетті қабылдауды нақты мерзімдері көрсетілмеді. Алайда ол 1997 жылы тамыз айы, шектеу мерзімі 1997 жылдың желтоқсан айында

қабылдау күтілді. Малайзия басшысы елдерді қабылдауда табандылық танытты, өйткені ол АСЕАН кеңеюге қатысқан белсенді мүшесінің бірі ретінде тарихқа кіргісі келді. Басқа жағынан бұл мәселе жөнінен ол батыстан қалғысы келмеді.

Лаос және Камбоджа техникалық және бюрократиялық сипаттағы ел ішінде мәселелері болды. 1967 ж. ақырында олар АСЕАН мүшесі болды.

АСЕАН мүшелікте бірнеше критерийлері болды:

1) географиялық; 2) экономикалық (ДСА мүшесі болу), АЕСА шеңберінде еркін саудаға дайын болу; 3) жұмыс тілі ретінде ағылшынды қолдану; 4) АСЕАН 6 немесе 7 елдерінде өкілдіктерінің болуы; 5) АСЕАН сауда серіктесінің бірі болуы.

1993 жылы АСЕАН Оңтүстік-Шығыс Азия елдері және басқа мемлекеттер қатысуымен Аймақтық мінбер (АРФ) ұйымдастырды. АРФ-тың жыл сайынғы кездесулер нәтижесінде АСЕАН мүше-мемлекеттері және диалог қатысушылары үшін Оңтүстік-Шығыс Азия және Азия-Тынық мұхит аймағындағы қауіпсіздік, бейбітшілік және даму проблемалары бойынша өзекті мәселелерді талқылаудың маңызды және тиімді құралына айналды.

1995 жылы Вьетнам АСЕАН құрамына кірді, 1997 жылы Лаос, Мьянма, 1999 жылы Камбоджа Ассоциация мүшесіне айналды. Бұл АСЕАН-тың

бұрынғы мүшелері үшін де, жаңа мүшелері үшін жаңа тарихи кезеңнің басталуымен тең болды.

Оңтүстік-Шығыс Азия аймағының бір-біріне қарсыласушы топтарға бөлінуінің аяқталуы Оңтүстік-Шығыс Азия барлық елдерінің бірігу үрдісін аяқтады, аймақ бір ұйымға бірікті.

АСЕАН құрамына жаңа мүшелердің кіруі саяси дивидендтер әкелуімен қатар, бір-қатар жаңа және күрделі проблемаларды алға қойды.

Ассоциацияның жаңа мүшелерінің барлығы дерлік экономикалық дамуының төмен деңгейімен сипатталды. 1997 жылы адам басына шаққанда жалпы ішкі өнім (ВВП) көрсеткіші Вьетнам, Лаос, Камбоджада топтың бұрынғы мүшелері арасында аз дамыған Индонезия мен Филиппиннан 3,1-3,5 есе, Мьянмада 11,2-11,6 есе кем болды [11].

Осындай жағдайда экономикалық даму деңгейлерінің айтарлық айырмашылықтарында қоғамдастық бұрынғы және жаңа мүшелері арасындағы ынтымақтастықты дамыту болашағы абсолютті көлемі бойынша да, номенклатурасы бойынша да шектеулі болды. Ынтымақтастық мүмкіндіктерін Лаос, Камбоджа, Мьянма және азырақ деңгейде Вьетнам экономикасында коммерциялық қызмет қажетті шаруашылық көне тәсілдерінің үстем болуы, нарықтық инфрақұрылымның дамымағандығы, ұлттық экномиканың барлық секторларында мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігі сияқты факторлар қысқарта түсті.

Осының барлығы Үндіқытайдың мемлекеттерінің ішкі аймақтық экономикалық байланыстар деңгейін төмендетте түсті. Әсіресе бұл өзара саудада айқын байқалды. Сондықтан Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің импортында Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Мьянманың жалпы үлесі 1997 жылы 7,2%-ды, экспортта – 2,6% құрады, бұл АСЕАН-тың ішкі аймақтық саудасында олардың қатысуының мүлдем төмен екендігін байқатты [8].

Лаос, Камбоджа, Вьетнам және Мьянманың АСЕАН-қа кіруін Азиаттық дағдарыс та қиындата түсті. Ассоциация бұрынғы мүшелері көптеген қиындықтарға кездесті, дегенмен де, бұл елдердің экспорттық өнім бағасын арзандатты, ал бұл жағдай олардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін

арттыру арқылы олардың экономикасының экспорттық салалары потенциалын сақтап қалды. Ассоциация жаңа мүшелері әлемдік нарықтағы үлесі аз болғандықтан, дағдарыстан зардап шекпеді десе де болады, дағдарыс жылдарында Үндіқытай елдерінің экономикалық потенциалы керісінше өсе түсті. 2001 жылға қарай 1997 жылмен салыстырғанда, ЖІӨ өсуі Камбоджада 104%, Лаоста 108,4%, Вьетнамда 122,2%, Мьянмада 162%-ды құрады. Адам басына шаққанда да жалпы ішкі өнім көрсеткіші Сингапурмен салыстырғанда 1997-2001 жылдар аралығында Вьетнамда 0,6 есе, Лаоста 0,3 есе жоғарылады.

1995 жылы желтоқсанда Бангкокта АСЕАН-тың жоғарғы деңгейдегі бесінші кездесуі өтті. Кездесуде АСЕАН-тың экономикалық ынтымақтастық рөлінің артықшылығы туралы шешім қабылданды, соған байланысты Ассоциацияның негізгі күш-жігері оның мүшелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттуға, АСЕАН-ты әлемдік ірі масштабты өндіріс аймағына айналдыруға, әлемдік аренада бір саяси бағытты жүргізуге бағытталу керек. Осы кездесуде АСЕАН мүше-мемлекеттері Оңтүстік-Шығыс Азияны ядролық қарусыз зонаға айналдыру туралы келісімге қол қойды, бұл бейбіт, тұрақты және қауіпсіз Оңтүстік-Шығыс Азия аймағын қалыптастыруда маңызды жеңіс болды.

АСЕАН жаңа мүшелердің кіруінен туындаған күрделі міндеттер мен проблемаларға, 1997-1998 жылдары қаржылық дағдарысқа қарамастан, өзінің халықаралық аренада аймақтық ұйым ретінде тұтастығын, үлкен потенциалын және Еуропалық одақ, НАФТА сияқты ірі аймақтық интеграциялық ұйымдармен бәсекелесе алатынын көрсетті.

Қаржылық дағдарыс схемасы былай болды: сыртқы капиталдың жаппай кетуі ұлттық валюта бағамының төмендеу қаупін туғызды, одан кейін ішкі нарықта қызмет етуші шетелдік институционалды инвесторлар капиталды сыртқа шығаруға және алынған пайданы бекітуге тырысты. Нәтижесінде, дағдарыс қаржылық нарықтың түрлі салаларына тарады.

Дағдарыстың пайда болу механизмінің макроэкономикалық түсіндірмелерінің арасында зерттеушілер, ең алдымен, 1995-1997 жылдары жүзбелі валюталық бағам шарттарындағы өсуші

капитал келуін бөліп көрсетеді, бұл реалды валюталық бағамдарды асыра бағалауға әкелді, ол өз кезегінде сауда балансының, ағымдық есептерінің жетіспеушілігін күшейтті. Қаржылық белсенділік нарығында спекулятивті интенсивті топталуына әкелді.

XX ғасырдың соңғы онжылдығы АСЕАН үшін шешуші кезең болды. Онжылдық ішінде АСЕАН алғашқы жиырма жылда іске асырмаған жоспарларын орындады. Ең алдымен, экономикалық интеграцияны тереңдету барысында АСЕАН Еркін сауда зонасын құру туралы шешімнің қабылдануы, АСЕАН қосу үш формуласы шеңберінде ҚХР-мен қатынастарды дамыту үлкен жетістік болды. АСЕАН мүше-мемлекеттері АФТА-ны қалыптастыруда да зор жетістіктерге жете алды. Ішкі аймақтық саудада кедендік кедергілерді төмендету, ұлттық экономиканы аша түсу, экономикалық потенциалды арттыру, халықаралық саудаға шығаратын тауарлар тізімін кеңейту бағытында көптеген істер жасалынды.

Ұйым құрамына Вьетнам, Лаос, Мьянма, Камбоджа қосылуы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия аймағының толық бір ұйымның, бір мақсаттың, бір саясаттың жолында бірігуі Ассоциация елдерінің өзара мәселелерін шешу бағытындағы қадамдарының сәтті болғандығын көрсетеді. АСЕАН-тың кеңеюі жаңа саясат, жаңа аймақтық экономиканы танытқанымен, АСЕАН-тың интеграцияға, аймақтылыққа жету мақсатында бір саты алға жылжығандығын білдіреді.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында әлемдік саяси ландшафта болған позитивті өзгертулер Азиаттық-Тынықмұхиттік аймақтағы қауіпсіздік саласы бойынша көпжақты диалог пен ынтымақтастықты жақсартуға жағымды алғышарттар алып келді. Олардың өзегі ретінде қауіпсіздік бойынша Аймақтық форум орын алды (ААФ) – бүгінгі күнде АТА-дағы жалғыз үкіметаралық құрылым.

Жоғарыда айтылған аймақтағы қауіпсіздік құрылымының пайда болуы – халықаралық қатынастар тарихындағы абсолютті жаңа және бірегей кезең болып келеді. Соңғы уақытқа дейін АТА-да көпжақты дипломатияның білгілі

бір дәстүрлері мен тәжірибелері болмады. Сондықтан, АТА-дағы сондай Форумның пайда болуы үлкен мәнді білдіреді, өйткені саяси ойлау қабілетінің жаңа кезеңге көшуі, өзекті қауіпсіздік проблемаларға кең түрде назар аудару бүгінде қажеттілігін жойған жоқ.

Бір жағынан, Ассоциация АТА-дағы маңызды саяси полюстердің рөлін атқарды. Басқа жағынан, аймақтық саясатындағы АҚШ, Қытай, Жапония және Ресей сияқты ірі мемлекеттердің көпжақты қатынастарға қызығушылық білдіру жолымен, олар қауіпсіздік саласындағы көптеген проблемаларды шешуге арнайы «дәліз» құрды.

### Әдебиет

1. Шреплер Х.А. Международные экономические организации: Справочник. Перев. С.А. Тюпаева, И.Н. Фомичева. – М., 1999. – С. 321-323.
2. Колыхаловой Г.П., Петрова А.И. Внешняя политика стран Азии. – М., 1988. – С.54-59.
3. Рогожин А.А. Экономические интересы в ЮВА – год 2000 и перспективы // Юго-Восточная Азия в 2000 г. Актуальные проблемы. – М., 2001. – С. 261-263.
4. www.prometa. Ru
5. Устинова Т.Н. Политика США и Японии в АТР и проблемы безопасности // Проблемы безопасности в Азии. – М., 2001.
6. Ашимбаева М.С., Шоманова А.Ж. Страны и регионы мира в современных международных отношениях. – А., 2006.
7. U.S. State department. www.state.gov.
8. Ефимова Л.М. Проблемы безопасности в Азиатско-тихоокеанском регионе. – М., 1999.
9. Gates R.M. Preventive Diplomacy: Concept and Reality. – PacNet Newsletter, 1996. N 39, Sept. 27.
10. Бэттлер А. Национальные интересы, национальная и международная безопасность. – С. 156.
11. Крупяно М.И. Япония в системе Восток-Запад: политика, экономика. – М., 1991.
12. World Investment Report, 2004. Investment, Trade and International Policy Arrangements.

**А.А. Байтокова-Тешнер**

**Экономическое интеграционное развитие АСЕАН**

В данной статье рассматриваются перспективы и проблемы АСЕАН в новой глобальной системе мира. Деятельность АСЕАН за прошедшие годы можно расценивать как специфический процесс саморазвития некоторых форм экономической взаимозависимости, особенно внутрорегиональной торговли, и создание производственных сетей. В Азии намного более развиты ее подходы к быстро меняющейся системе международных отношений в Юго-Восточной Азии и АТР в целом. Страны Восточной Азии с целью усиления регионального сотрудничества предпринимают различные меры для создания основ макроэкономической и финансовой стабильности.

**A.A. Baitokova-Teshner**

**Economic integration progress of the Association of Southeast Asian Nations**

In this article it is considered prospects and problems The Association of Southeast Asian Nations in new global system of the world. Activity The Association of Southeast Asian Nations for last years it is possible to regard as specific process of self-development some forms of economic interrelation, especially intraregional commerce, and creation of industrial networks, in Asia much more developed and its approaches to quickly changing system of international relations in Southeast Asia and The Asian Pacific region as a whole. The countries of East Asia with objective of strengthening of regional cooperation undertake various measures for creation of bases of macroeconomic and financial stability.